#«EAST CUP 3Х3 ШЫҒЫС КУБОГІ»

Чемпионаттың екінші маусымы мәресіне жетті

Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ
Артём ЖИГУЛИН

Өскемендегі Борис Александров атындағы спорт сарайының кіші алаңында Қазақстандағы алғашқы ресми «EAST CUP 3x3 Шығыс Кубогі» әуесқойлар арасындағы хоккей чемпионаты екінші маусымының салтанатты жабылу рәсімі өтті.

Аталған турнир – елімізде қарқынды дамып келе жатқан жаңа форматтағы «3х3» хоккейінің жарқын үлгісі екенін көрсетті. Хоккей турнирінің бірінші болып Өскеменде өтуі де кездейсоқ емес. Себебі, бұл қала – қазақстандық хоккейдің Отаны ретінде танылған шаһар.

Турнирдің жабылуына облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы, «Казцинк» ЖШС, «Торпедо» хоккей клубы өкілдері, өңірлік хоккей федерациясы басшылығы, сонымен бірге облыстағы әуесқой хоккей турнирлерінің ұйымдастырушылары мен спорт жанкүйерлері де қатысты.

Аталған чемпионат белгілі бапкер, хоккейші Борис Александровтың алғашқы жаттықтырушысы Юрий Тарховтың құрметіне арналды.

Айта кетейік, турнирді ұйымдастыру бастамасын «BERKUT» әуесқой хоккей командасының басшылығы көтеріп, өткен жылдың қазан айынан бері жүзеге асырып келді.

Биылғы чемпионатқа барлығы жеті әуесқой команда қатысты. Олардың қатарында Өскемен қаласының «BERKUT», «Вираж», «Дәулет», «Лавины» командалары, сондай-ақ Риддер қаласының «Риддер», Глубокое ауданынан «Глубокое-Ертіс» және Ұлан ауданынан «Namys Bagration» командалары бар.

Жарыстың жоғары деңгейде өтуіне Б.Александров атындағы спорт сарайында орналасқан елімізде баламасы жоқ кіші мұз айдыны мүмкіндік берді. Дәл осы мұз айдыны «3х3» форматындағы ойындарды қолайлы әрі тартымды өткізуге жол ашты.

– Аталған чемпионат алғаш рет ресми түрде 2024 жылы бастау алды. Біз үшін бұл жарыстың басталу күні де ерекше мәнге ие. Дәстүрлі түрде 13 қарашада, яғни Борис Александровичтің туған күнінде басталады. Турнирдің ерекше әрі тың форматы – «үшке үш» (3х3) жүйесі. Жалпы турнирді өткізу, ұйымдастыру идеясын алғаш ортаға салған, спортшы, хоккейші, «BERKUT» командасының капитаны Серік Мизанбеков екенін айтқым келеді. Біз барлығымыз Серік Маратұлын қолдап, осы жобаны 2021 жылдан бастап, дамытуға үлес қостық. Алғашында екі-үш команда ойнап жүрдік. Жаңа формат өте қызықты әрі көрермен үшін тартымды болып шықты. Өткен жылы турнирге 6 команда қатысса, биылғы маусымда қатысушылар саны артып, 7 команда бақ сынады. Бұл – жарыстың жылдан-жылға дамып, танымалдылығы артып келе жатқанын көрсетеді, – деді Шығыс өңірінде тұрақты ұйымдастырылатын «Шығыс Кубогі» турнирінің ұйымдастыру комитетінің төрағасы Тимур Оспанов.

Турнир әуесқой деңгейде ұйымдастырылғанымен, қатысушылар арасында кезінде кәсіби хоккеймен айналысқан тәжірибелі ойыншылар да бар. Дегенмен ұйымдастырушылардың арнайы регламенті бойынша ойыншылар деңгейі тең болып, жарыс баршаға қызықты әрі тартысты өтуі үшін белгілі талаптар қарастырылды.

Жарысқа қатысушылардың жас санаты – 30 жастан жоғары. Сонымен қатар бұрын спортпен кәсіби түрде айналысқан, бүгінде 50 жастан асқан тәжірибелі ойыншылар да бар.

Биылғы чемпионат қорытындысы бойынша бірінші орынды – «Глубокое-Ертіс» командасы, екінші орынды – «Вираж» командасы, ал жүлделі үшінші орынды Өскемен қаласының «BERKUT» командасы жеңіп алды.

– Біздің команда биыл осы турнирге алғаш рет қатысып отыр. Бірінші маусымымыз болса да, нәтижесі өте жоғары болып, бірінші орын алдық. Турнирге тәжірибелі, ардагер спортшылардан құралған көптеген командалар қатысып жатыр. Біздің командамызда 15 ойыншы бар, барлығы ұйымшыл, бір мақсатқа жұмылған жігіттер. Сонымен қатар қақпашымыз Денис Коломойцев ерекше ойын көрсетіп, «Үздік қақпашы» аталымын жеңіп алды. Осы жеңісімізге үлес қосқан барлық жігіттерге алғыс айтамын. Біз үшін бұл үлкен жетістік әрі келесі маусымдарға жақсы қолдау болды, – деді «Глубокое-Ертіс» командасының капитаны Руслан Асанов.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл турнир енді жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілмек. Себебі, қатысушы командалардың саны жыл сайын артып келеді.

Турнирдің жабылу салтанатында жарыстың өтуіне демеушілік танытып, қолдау көрсетіп жүрген азаматтарға ерекше алғыс білдірілді. Ал жеңімпаз командалар мен қатысушылар арнайы кубоктармен, дипломдармен, алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Чемпионат барысында жанкүйерлер небір тартысты ойындардың куәсі болғаны анық.

Айта кету керек, 3х3 форматы – хоккейдің дамуына тың серпін беретін жаңа бағыт. Бұл формат бүгінде әлемдік деңгейде мойындалып, болашақта қысқы Олимпиада ойындарының бағдарламасына енуі мүмкін.

	«Қазпошта» АҚ арқылы				Редакция арқылы				
Индекс	1 ай , теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге	Индекс	1 ай , теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге
19071 (жеке)	872	2616	5232	10464	19071 (жеке)	686	2058	4116	8232
19073 (жеңілдік)	832	2496	4992	9984	19073 (жеңілдік)	616	1848	3696	7392
19072 (мекеме)			8003	16006	19072 (мекеме)			5520	11040

Жұлдыз-жорамал (27 сәуір – 3 мамыр)

ТОҚТЫ *Бұл апта сіз үшін қозғалыс пен бастамалардың кезеңі болады. Бұрын ойлап жүрген жоспарларды іске асыруға қолайлы уақыт келді. Жұмыста жаңа міндеттер пайда болуы мүмкін, бірақ олар сіздің кәсіби деңгейіңізді көрсетуге мүмкіндік береді.*

ТОРПАҚ *Бұл аптада сіз үшін қаржы мен материалдық тұрақтылық тақырыбы маңызды болады. Жаңа табыс көздері туралы ой келуі мүмкін немесе бұрын басталған істің нәтижесі көрінеді. Жұмыста сабыр сақтасаңыз, басшылық сіздің еңбегіңізді бағалайды.*

ЕГІЗДЕР *Сізді белсенді қарым-қатынас пен жаңа ақпарат аптасы күтіп тұр. Көп сөйлесу, кездесулер және келіссөздер болады. Бұл жаңа таныстықтарға жол ашады. Оқу, курстар немесе жаңа дағдылар үйрену үшін өте қолайлы уақыт.*

ШАЯН *Эмоциялық тепе-теңдік басты орында болады. Соңғы уақытта шаршаған болсаңыз, демалысқа уақыт бөлген дұрыс. Денсаулыққа назар аудару қажет – ұйқы мен тамақтану режимін сақтаңыз. Жұмыста асығыс шешім қабылдамаңыз.*

АРЫСТАН *Бұл апта шығармашылық пен шабытқа толы болады. Сізге жаңа идеялар келеді, ал айналаңыздағы адамдар оларды қолдайды. Әсіресе өнер, жарнама, медиа немесе шығармашылық салада жүргендер үшін сәтті кезең.*

БИКЕШ *Үй мен отбасы тақырыбы бірінші орынға шығады. Үйді ретке келтіру, жөндеу немесе үлкен сатып алу жоспары пайда болуы мүмкін. Туыстармен қарым-қатынас жақсарады. Демалыс күндері толық тыныңуға мүмкіндік туады.*

ТАРАЗЫ *Ақпарат пен келіссөздер аптасы. Құжаттар, келісімдер және оқу істері сәтті өтеді. Көптен күткен хабар келуі мүмкін. Қарым-қатынас жақсарып, жаңа достар табу ықтималдығы жоғары. Апта соңында шағын сапар немесе қызықты кездесу күтіледі.*

САРЫШАЯН *Қаржы мәселесінде алға жылжу байқалады. Қосымша табыс немесе сыйақы алу мүмкіндігі бар. Бірақ шығынды бақылауды ұмытпаңыз. Жеке өмірде ашық сөйлесу маңызды. Апта соңында өзіңізді сенімді әрі күшті сезінесіз.*

МЕРГЕН *Бұл апта сіз үшін жаңа бастамалар кезеңі. Энергияңыз жоғары, сондықтан жаңа жобаларға кірісуге батыл болыңыз. Саяхат, жаңа таныстықтар немесе білім алу мүмкіндігі бар. Жеке өмірде жағымды өзгерістер күтіледі.*

ТАУЕШКІ *Біршама баяулау кезеңі. Демалып, болашақ жоспарларды қайта қарау қажет. Ішкі ой-толғаныс сізге дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Апта соңында жаңа мақсаттар айқындала бастайды.*

СУҚҰЙҒЫШ *Достар мен командалық жұмыс алдыңғы орынға шығады. Бірлескен жобалар табысты болады. Қоғамдық іс-шараларға қатысу пайдалы. Апта соңында жақсы жаңалық естуіңіз мүмкін.*

БАЛЫҚ *Мансап пен бедел аптасы. Жұмыста жетістікке жету мүмкіндігі жоғары. Басшылық сіздің еңбегіңізді байқайды. Жеке өмірде тұрақтылық пен тыныштық орнайды. Апта соңында өзіңізді сенімді сезінесіз.*

БАҚ-тың меншік иесі:
«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС

«**DIDAR**» газеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеліп, 2025 жылғы 26 наурыздағы №KZ11VPY00115455 куәлігі берілген.
«**DIDAR**» газеті – ҚР Президенті грантының және Қазақстан журналистика академиясы «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері.
Мекенжай: 070003, Өскемен қаласы, Гоголь көшесі, 36.

«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС
Бас директоры
А.К.ДҮЙСЕНОВ

Контент-редактор
А.БАҚЫТҚЫЗЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 8(7232)75-17-97
Жарнама бөлімі:
8-777-239-76-82,
8(7232) 75-28-22,
e-mail: marketing@altaynews.kz

«DIDAR» газетінің сайты:
www.didargazeti.kz
+7 777 239 7682

Жарияланған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді.
® белгісі қойылған материалдар коммерциялық негізде жарияланады.
Материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет «Дом печати» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143.

Көлемі 5 баспа табақ.
Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 3700
Тапсырыс №17

Altainews MEDIA CENTRE
2 000125 790822 >